



Мұнайлы ӨЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№10 (132), қараша, 2020 жыл

Компания тынысы

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!

Жақында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша бейне-конференциялық байланыс режимінде жиналыс өтті. Оған Басқарма басшылары, құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік басқарма басшылары, бас мамандар қатысты.

Басқарма басшыларының 2020 жылға арналған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы жеке бейімділігіне және өндірістік бақылау тексерісінің қорытындысына сәйкес ұйымдастырылған жиналыста техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Бауыржан Ләтiп баяндама жасады. HSSE CNPC «China National Petroleum Corporation» басқару жүйесіндегі жұмыс тобының есебіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлігінде бұзушылық пункттерін жою жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы», «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың жай-күйін «ҚазМұнай-Газ» ҰК» акционерлік қоғамымен өткен тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы талқыланған жиналыста шешуді талап ететін проблемалық мәселелер көтерілді. Сонымен қатар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Ізмұханов көтерілген өзекті әрі шешімін таппай жүрген бірқатар өндірістік мәселелер бойынша хаттама жасақтауды тапсырды. Жауапты басшыларға хаттаманы орындалуын бақылауда ұстауға тапсырма берді. Бейнеконференция соңында «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқарма басшыларының ұсыныстары тыңдалып қорытынды шығарылды.

Кәсіпорында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі барлық қызметкерлерді – жұмысшыдан бастап басшыға дейін алдын алу жұмыстарымен қамтуға қарастырады. Әрбір лауазымды тұлғаға, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің жұмысшыларын қоса алғанда, тек техникалық, өндірістік немесе шаруашылық қызмет саласында ғана емес, сонымен қатар еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және санитарлық қауіпсіздік, құрылыс нормалары саласындағы заңнаманы мүлтіксіз сақтай отырып жұмыстану жауапкершіліктері жүктелген.

Технологиялық процестің қауіпсіздігі мен қызметкерлердің еңбегін қорғау-кәсіпорын қызметін бағалаудың маңызды критерийі. Сондықтан өндірісті тұрақты дамытып, қызметкерлердің денсаулығын сақтау сапасын жақсарту үшін қауіпсіздік әдістер мен озық технологиялар енгізу, нормативтік мерзімі өткен жабдықтарды пайдаланудан уақтылы шығарып, жаңғырту, сараптама жүргізіп отыру қажет.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері бойынша персоналды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. Осы орайда «Қаламқас-мұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармалары барлық қызметкерлерге ортақ қауіпсіздік техникасы бойынша ақпараттық нұсқаулықтары бар оқу сыныптарымен жабдықталған. Онда өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша оқу сыныптарының жұмысына, оқу бағдарламаларының сапасы мен оқыту кестелерінің сақталуына бақылау ұйымдастырылған.

Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне бекітілген кестеге сәйкес бейнероликтер тұрақты көрсетіліп отырады. Атап айтқанда - көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік, биіктіктегі жұмыстар, энергия көздерін оқшаулау, жылжымалы және кернеулі жабдықтар. Сонымен қатар қоғам қызметкерлері үшін арнайы киім, басқа да жеке қорғану құралдарын сатып алуға арналған бюджет жыл сайын ұлғайып келеді.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жазатайым оқиғалардың алдын алуға және болдырмауға көп көңіл бөлінеді. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау тұрғысынан ойлауды дамытудың қарапайым әдісі бар. Кез-келген жұмысты бастама бұрын, барлығына өндіріс қауіпсіздігі қағидаттарының бес тармағының міндетті түрде орындалуы ескертіледі:

1. Ешкім зардап шекпеуі керек!
2. Жұмысты бастама бұрын ойланғыңыз!
3. Жұмысты қауіпсіз орынданым немесе мүлдем жасаманыз!
4. Жұмысты қауіпсіз орындауға әрқашан уақыт бар!
5. Егер күмәндансаңыз, біліңіз! (Сураныз).

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы нормалар мен қағидалар талаптарын сақтауға төрт деңгейлік бақылау ұйымдастырылып табысты жұмыс істеуде. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 203-бабы негізінде өндірістік Кеңес құрылды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының шешімімен 2016 жылғы 23 мамырдағы №34 хаттама "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік Кеңес туралы Ереже" және "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмыс Қағидалары" бекітілді. Сондай-ақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «қызметкерлердің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік Кеңес құрылды. Оның құрамына төпе-теңдік негізде жұмыс берушінің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері және техникалық еңбек инспекторлары кіреді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік Кеңесі Қоғамның тұрақты жұмыс

істейтін, консультативтік – кеңесші, алкалы құрылымдық органы болып табылады, ол жұмыс беруші мен Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жаракаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық инспекторлардың жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша тексеру жүргізуді ұйымдастырады, еңбекті қорғау жыл сайын бекітілген кестеге сәйкес қоғамның өндірістік Кеңесінде қаралады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпті өндірістік объектілеріндегі жұмыс жағдайларын жақсарту мақсатында Қоғам

бермеу мақсатында коронавирустық инфекцияның алдын алу және болдырмау жөніндегі шараларды күшейтеу туралы «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.С. Айдарбаевтың Қаламқас, Жетібай кенорындары бойынша қауіпсіздік талаптарын сақтау жұмыстары күшейтеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы Басқармасының "Қорғау" картасын қолдану регламентін бекіту туралы" 03.02.2020ж. №2 хаттамаға сәйкес және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ объектілерінде "Қорғау" картасын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде Қоғамның 06.05.2020ж. №517-П бұйрығымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүйесінде П-35-86 «Қорғау» картасын қолдану қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) бекітілді. Қоғам Басқармасы бекіткен «Қорғау» картасын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында ұсынылған үлгіге сәйкес «Қорғау» картасының бланкілерін орналастыруға арналған жәшіктер әзірленді. Қазіргі уақытта Қаламқас, Жетібай кенорындарында «Қорғау» картасын қолдану қағидалары бойынша бейне-материал Қоғам қызметкерлеріне көрсетіліп, оқу жүргізілуде.

Сонымен қатар, Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін комиссиялары мен әрбір өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі комиссиялардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына мақсатты және кешенді тексерулер жүргізуі жүйелі түрде орындалып келеді.

Осы жылдың қыркүйек айының 15 мен 25 жылдызы аралығында Қоғам Басқармасының Өкімімен және бекітілген кестеге сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Жетібай және Қаламқас кенорындарында өндірістік бақылау жүргізілді. Өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі сәйкессіздікті жою мақсатында акт-нұсқама жасакталынып, нысандардың жауапты басшыларына табысталды. Берілген нұсқамалар бойынша Кеңес өткізіліп, онда бұзушылыққа әкеп соққан себептерді болшектеу бойынша тсндіру жұмыстары жүргізіледі және оларды жою мерзімдері белгіленді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің мамандары, өндірістік жаракаттануды болдырмауға табысты қол жеткізуі үшін қажетті шаралардың бәрін жасайды.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметі



Қауіпсіз жұмыс алаңын орнату

Саясат



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеу жариялап, тиісті Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жарлықта кезекті Мәжіліс сайлауы 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді деп көрсетілген. Жергілікті мәслихат депутаттарының да сайлауы осы күні өтеді. Бұл туралы Президент өз үндеуінде «Алдағы мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. Пропорционалды модель әлемдік демократиялық тәжірибеге толық сай келеді, саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады», - деп тоқталып өтті.

Сондай-ақ Президент Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратураға сайлаудың заңдылығын, ашықтығын және әділдігін сақтау үшін тұрақты бақылау жүргізіп отыруды тапсырып, барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдарды жетілдіруіне уақыты жеткілікті болғандығын атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жана сайлау науқанына дейін саяси жаңғыру, көппартиялық дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданғанын да айтты.

«Бірінші. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын

САЙЛАУ - 2021

құру мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалды.

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланады. Сонымен қатар, парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізу жөнінде бастама қотеру құқығын иеленеді. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне Парламент палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және басқа іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілді құқық берілді.

Екінші. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңға және «Саяси партиялар туралы» заңға қарастырылған ережелер бойынша парламенттік тәжірибемізге алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Бұл норма Парламентке және жергілікті өкілді органдарға әйелдер мен жастарды тартудың тиімді жолы ретінде олардың еліміздегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуына септігін тигізеді», - делінген үндеуде.

Сонымен, алда келе жатырған сайлаудың басты ерекшелігі - еліміздегі сайлау жүйесінің мажоритарлық түрін пропорционалды түріне өзгерту. Ендігі жерде депутаттық мандаттар үшін саяси доғала жеке тұлғалар емес партиялар түсіп, тиісті деңгейдегі мандаттар саны партиялардың алған дауыстарына байланысты бөлінетін

болады. Мәселен, сайлау туралы заңға енгізілген өзгерістер бойынша Мәжілістегі 107 депутаттың 98-і партиялық тізімдерге сәйкес, ал 9 депутат ассамблея атынан сайлануы тиіс.

Қазір таңда Мәжілісте 3 партияның өкілдері бар: «Nur Otan» (84 депутат), «Халық коммунистері» (7 депутат) және «Ақ жол» (7 депутат).

Ал тіркелген партиялар саны алтау:

1. «Ақ жол»;
2. «Ауыл»;
3. «Бірлік»;
4. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия;
5. «Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы»;
6. «Nur Otan».

Екінші маңызды жаңалық - алдағы сайлауда әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота енгізіліп отыр. Бұдан былай партиялық тізімдер арасында әйелдер мен жастардың болуы міндеттелетін болады. Бұл өзгеріс өз кезегінде саяси аренаға жана тұлғалардың келуіне, сондай-ақ қоғамның түрлі салаларынан өкілдер сайлануын қамтамасыз ететін болады. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш шамамен 24 пайызды құрап отыр. Ал 29 жасқа дейінгі жастар саны 2 пайыз төңірегінде, еліміздегі 3 мыңнан астам мәслихат депутатының алысы ғана жастар.

Олемнің бір де бір елі әлі күнге сайлаудың түбегейлі мінсіз жүйесін ойлап таба алған жоқ. Тіпті демократиялық ел деп саналатын көп ғасырлық тарихы бар елдердің өзі сайлау кампаниялары кезінде кездесіп қалатын қателерге ұшырасып жатады. Сондықтан, Қазақстан секілді жас мемлекеттің сайлау туралы конституциялық заңнамаларына өзгерістер енгізуі, оны заман талабымен сәйкестендіруі - заңдылық қалыпты жағдай. Бұл өзгерістердің сайлау процестерінің жақсаруына, сайлаушылардың саяси-құқықтық мәдениетінің артуына әкелері сөзсіз.

Люди труда

ПОВЫШАЯ ПРЕСТИЖ РАБОЧЕГО ЧЕЛОВЕКА

Стимулирование реального производительного и честного труда, развитие системы общественного поощрения передовиков производства, ветеранов нефтегазовой отрасли и профсоюзного актива — важная составляющая в работе КАЗМУНАЙГАЗПРОФ и его членских организаций.



В Мангистауском областном профцентре накануне празднования Дня профсоюзов Казахстана, приуроченного 115-летию республиканского профсоюзного движения, член Генерального Совета Федерации профсоюзов РК, председатель профкома АО «Мангистаумунайгаз» Таргын Мысамбаев, члены Центрального Совета общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз нефтегазового комплекса» (КАЗМУНАЙГАЗПРОФ), лидеры профсоюзов АО «Каражанбасмунай» Айтбай Кужухов и ТОО «Ойл Транспорт Корпорэйшн» Марат Темиркасов приняли участие в чествовании ветеранов и передовиков производства ведущей нефтегазовой компании республики - АО «Мангистаумунайгаз».

Открывая торжественную церемонию награждения труженников производства, настоящих патриотов своей рабочей профессией, член Центрального Совета, председатель Мангистауского областного филиала КАЗМУНАЙГАЗПРОФ Максаат Рзаханов отметил, огромный вклад нефтяников в развитие отрасли региона, их активное участие в укреплении социального партнерства и коллективно-договорного регулирования трудовых отношений на предприятии, сохранение стабильности и устойчивого развития производства. Он поблагодарил своих коллег за активную гражданскую позицию, весомый вклад в повышение роли профсоюзов в защите социально-экономических прав и интересов работников многотысячного трудового коллектива.

В честь Дня профсоюзов Казахстана Таргын Мысамбаев и Максаат Рзаханов вручили заслуженные награды нефтяникам за весомый вклад и личные заслуги в развитии нефтегазовой отрасли, системы социального партнерства и коллективно-договорного регулирования трудовых отношений, повышении роли профсоюзов в защите прав и интересов работников предприятий. Почетной медалью «Еңбек ардагері» награждена Айсұлу Таспаева, лаборант химического анализа ЦНИПР ПУ «Каламаксунайгаз» АО «Мангистаумунайгаз».

Оператор по добыче нефти и газа ЦДНГ №3 ПУ «Жетыбаймунайгаз» АО «Мангистаумунайгаз» Улғаным Жукубаева удостоена медали Министерства энергетики Республики Казахстан «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» и «Құрмет грамотасы» Федерации профсоюзов Казахстана. Операторам ЦППН ПУ «Каламаксунайгаз» Болату Кайыпиеву и ЦДНГ-1 ПУ «Жетыбаймунайгаз» Кошербаю Отебаеву вручены высшие профсоюзные награды КАЗМУНАЙГАЗПРОФ - медали «Салалық Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін».

Мы искренне поздравляем наших коллег с заслуженными наградами и желаем дальнейших успехов в труде и активной гражданской позиции.

Таргын Мысамбаев,
Председатель профкома
АО «Мангистаумунайгаз»

Наша безопасность

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ НА ОБЪЕКТАХ ОБЩЕСТВА

Целью деятельности службы пожарной безопасности ДТБОТиООС является минимизация рисков нанесения вреда жизни и здоровью работников, ущерба имуществу Общества, связанных с нарушением противопожарной защиты. Работники службы проводятся проверки согласно утвержденного графика производственного и внутреннего контроля, осуществляется контроль за ведением огнеопасных работ и соблюдением противопожарного режима на взрывопожароопасных объектах производства.

Производственные объекты на нефтепромыслах являются взрывопожароопасными, в связи с чем такие объекты как ЦКППН и УПСВ на месторождении Каламкас и ЦППН - месторождении Жетыбай оснащены системами автоматического пенного пожаротушения и ежемесячно работниками службы проводится проверка данных систем с составлением акта. Административные и другие вспомогательные здания, а также складские помещения оснащены автоматической пожарной сигнализацией согласно требованиям норм и правил пожарной безопасности, техническим обслуживанием данных систем занимается ТОО «Мунайтелеком».

Объекты производства и здания административно-социального назначения укомплектованы порошковыми огнетушителями, заправка и обслуживание порошковых огнетушителей

проводится работниками службы пожарной безопасности ДТБОТиООС.

Наибольшую опасность для себя и окружающих создает сам человек, небрежно обращаясь с огнем и его источниками. Наступление осенне-зимнего периода связано с активным использованием на объектах обогревательных приборов, если их оставить без присмотра это может привести к нагрузкам на электрические сети. Будьте внимательны! Кроме того, нарушение противопожарного режима на объектах, курение в не установленном месте, использование открытого огня при работе с горючими материалами, несоблюдение требований пожарной безопасности, - все это ведет к росту числа пожаров!

Задачи по выезду и ликвидации пожаров, проведение учебно-тренировочных занятий на месторождениях возложены на ТОО «ANSAR-S Group» (месторождение Каламкас) и ТОО «Семсер - Өрт сөндірүші» (месторождение Жетыбай, Асар). До конца текущего года на каждую компанию возложена обязанность строительства двух пожарных постов, расположенных на контрактных территориях производственных объектов месторождений Каламкас и Жетыбай. Пожарный пост состоит из ангара модульного типа для одного пожарного автомобиля и жилых помещений для личного состава со всей инфраструктурой с учетом круглогодичной дислокации.

В заключении еще раз призываем Вас строго соблюдать Правила техники безопасности, проявлять внимательность и бдительность при ведении огнеопасных работ. Берегите себя и своих близких!

Служба пожарной безопасности
ДТБОТиООС



ЗАЧЕМ В «САМУРК-ҚАЗЫНА» ВНЕДРЯЮТ СВОЙ CALL-ЦЕНТР?

Новая информационная система «Нысана» позволит Фонду быстро реагировать на проблемы работников и предотвращать их в будущем.

Центр социального взаимодействия и коммуникаций запускает новую информационную систему «Нысана». Она включает в себя call-центр «горячей линии» инициативного информирования и социологическую платформу Samruk Research Services.

Благодаря многоканальности call-центр будет доступен для работников производства по всему Казахстану. А Samruk Research Services, используя инструменты социологических исследований, сможет выявлять системные проблемы в работе компаний и давать рекомендации их руководителям.

Результаты работы по этим двум направлениям будут сводиться в рамках системы «Нысана», которая станет для руководства Фонда надежным источником информации о ситуации по группе компаний.

С заботой о работниках


Социологическая платформа Samruk Research Services, как и call-центр, были созданы по поручению руководства Фонда «Самрук-Қазына» и уже работают.



«Новая система «Нысана» сводит результаты социологических исследований и обращений и жалоб, поступающих в call-центр от работников наших портфельных компаний в девяти регионах Казахстана», – рассказывает Елдос Умирзаков, генеральный директор ЦСВК.

«Нысана» представляет руководство Фонда информацию о жалобах и ситуации в компаниях в виде интерактивной карты страны. Внутри сервиса топ-менеджмент может дать поручение обратиться на ту или иную проблему, чтобы ее решили.

Новое для Центра направление – это call-центр. Благодаря нему обращения работников будут услышаны руководством компаний, уверен Елдос Умирзаков. При



этом обязательное условие его работы – своевременная и четкая реакция на проблемы работников.

«Мы показываем, что Фонд открыт для работников портфельных компаний. В любое время каждый из них сможет обратиться по имеющемуся вопросу, это возможность решать проблемы напрямую», – добавляет гендиректор ЦСВК.

Call-центр работает круглосуточно на трех языках – казахском, русском и английском. При этом «горячая линия» многоканальна, то есть обращения и жалобы можно отправить несколькими способами:

- по телефону 8-800-080-30-30
- на номер в WhatsApp 8 (702) 075 30 30
- на электронную почту nysana@csc.kz
- с помощью сайта nysana.csc.kz

Все разговоры записываются и регистрируются оператором. Однако обращения остаются анонимными, и личность отправителя не раскрывается. Работник может выбрать адресата своего сообщения, в их числе: комплаенс, омбудсмен, служба безопасности и собственно руководство компании.

«Раньше это как работало: пишешь жалобу или обращение в бумажном виде, отдаешь в профсоюз, инспектору труда или HR-специалисту. Потом письмом направляешь руководителю предприятия и дальше, в «центр». Но есть риск, что на каком-то этапе «условные знакомые» могут рассказать о жалобе тому, на кого, собственно, жалуются. Могут «замять» вопрос», – рассказывает Куттужан Исмагулов, руководитель call-центра.

Кроме того, в бумажном виде документы могут долго «путешествовать» по кабинетам, пока дойдут до конечного адресата. Из-за этого может пропасть сама актуальность жалобы или обращения.

«А call-центр работает на то, что даже при малейших нарушениях трудовых отношений все сразу поступает «наверх». Так устанавливается прямой контакт рабочего с руководством компании или Фонда. Оперативно и эффективно принимаются решения», – отмечает Куттужан Исмагулов.

Все обращения на контроле

Максимальный срок реагирования на сообщения, поступающие по call-центру, четко определен – это 10 рабочих дней. При этом обращения находятся на постоянном контроле ЦСВК.

«После поступления заявления мы отправляем его в компанию, по которой поступает обращение или жалоба. Ставим сроки и контролируем ответ на них. Наша задача – передача заявления руководству той или иной портфельной компании, чтобы началось реагирование, «отработка» затронутого в обращении вопроса. Самые «острые» обращения, которые могут вызвать широкий резонанс, после премодерации будут сразу выводиться в информационную систему «Нысана», где на это может отреагировать руководство Фонда», – говорит Даулет Рахманкулов, главный менеджер по коммуникациям с портфельными компаниями ЦСВК.

После получения ответа от компании его пересылают заявителю. Благодаря этому обеспечивается конфиденциальность – заявитель и компания, по которой было обращение, не соприкасаются напрямую.

«Так Фонд показывает свою заботу о каждом работнике по всей стране. Все могут свободно звонить, писать обращения без каких-либо преград», – подчеркивает Даулет Рахманкулов.

Вид реагирования на обращения индивидуален: где-то это письменный ответ, а где-то возможно и проведение проверки, если приведенные факты могут вызвать опасения. Например, на каком-то предприятии произошло ЧП, и этот факт пытаются скрыть.

Новый формат социологии

Полученные жалобы и обращения не только передают в компании, но и могут анализировать. Если одна и та же проблема, например, трудовые споры, слишком часто возникает в том или ином регионе или компании, это может стать поводом для более глубокого изучения со стороны экспертов.

«Тут может подключиться платформа Samruk Research Services. Мы инициируем

опросы и смотрим, насколько обширна проблема, нужно ли рассматривать ее внимательнее и предпринимать системные меры», – говорит Илья Тилеубергенов, руководитель отдела аналитики и консалтинга ЦСВК.

Анализ «работает» на понимание сути жалобы и помогает ответить сразу на целый комплекс вопросов:

- Что нужно сделать, чтобы эффективно решать такие проблемы?

- Что нужно сделать, чтобы в будущем их не было?

- А если игнорировать, к чему это может привести?

ЦСВК занимался социологическими исследованиями и ранее – измерял «Индекс социальной стабильности» по всем компаниям Фонда. Теперь же процесс опросов модернизируют.

«У очных опросов есть большое преимущество в том, что вы можете задать респонденту большое число вопросов. Но есть и «минус» – люди чувствуют себя уязвимыми. Они понимают, что их работодатель в курсе, что их спрашивают. И потому респондент, возможно, даст более «социально одобряемые» ответы, чтобы потом у него не возникли проблемы. А при телефонном или онлайн-опросе люди находятся на удалении и высока вероятность, что рядом нет коллег и потому они дадут более правдоподобные ответы», – отмечает Илья Тилеубергенов.

Благодаря такому подходу, уверен он, обеспечивается объективность собираемых данных и их достоверность, а также повышается скорость сбора информации.

Samruk Research Services будет работать по двум направлениям. Первое – это продолжение ежегодных замеров «Индекса социальной стабильности» в виде телефонных или онлайн-опросов. Их будут проводить ближе к концу каждого года по всем портфельным компаниям. По итогам опросов и их анализа специалисты ЦСВК будут выявлять проблемные «зоны» в разрезе компаний и давать свои рекомендации для их разрешения.

Кроме того, в течение года будут проводиться точечные исследования. Результат работы на этом этапе – конкретные рекомендации компаниям для повышения социальной стабильности.

Сейчас представители ЦСВК выезжают предприятия в регионах для ознакомления с системой «Нысана». Уже проведены презентации для коллективов в Атырауской и Мангистауской областях, Алматы и Алматинской области, Южно-Казахстанской и Жамбылской областях. В Центре выразили уверенность, что запуск call-центра «горячей линии» и социологической платформы Samruk Research Services позволит улучшить условия труда работников и поможет сделать компании группы Фонда еще более комфортными для казахстанских специалистов.

Sknews.kz

ЕГЕР ЖҰМЫСЫҢДА

САМУРҰҚКА ХАБАРЛАС!

ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛСЕ
ҚЫЗМЕТТЕН ҚУЫЛСАН
ҰРЛЫҚ ЖАСАЛСА
ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЛСА

ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЛСА
ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛСЕ
ҚЫЗМЕТТЕН ҚУЫЛСАН
ҰРЛЫҚ ЖАСАЛСА

УЖЫМДЫҚ ШАРТ БҰЗЫЛСА
ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛСЕ

ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛСЕ
ҚЫЗМЕТТЕН ҚУЫЛСАН
ҰРЛЫҚ ЖАСАЛСА
ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЛСА

8 800 080 30 30 | 8 702 075 30 30 | nysana@csc.kz

ЕСЛИ У ТЕБЯ НА РАБОТЕ

ЗВОНИ В САМУРК!

НЕЗАКОННОЕ УВОЛЬНЕНИЕ?
НАРУШЕНИЕ ПРАВ?
КОРРУПЦИЯ?
ДОМОГАТЕЛЬСТВА?
ВОРОВСТВО?
НЕЗАКОННОЕ УВОЛЬНЕНИЕ?

НАРУШЕНИЕ ДОМОГАТЕЛЬСТВА?
КОРРУПЦИЯ?
ВОРОВСТВО?
НЕЗАКОННОЕ УВОЛЬНЕНИЕ?

8 800 080 30 30 | 8 702 075 30 30 | nysana@csc.kz

Юбилей

ГРОЗНЕНКОМУ НЕФТЯНОМУ ИНСТИТУТУ - 100 ЛЕТ!



Один из старейших ВУЗов нефтегазового профиля основан в 1920 году в городе Грозном. В 1973 году институту присвоено имя выпускника ВУЗа академик М. Д. Миллионщикова — Героя Социалистического Труда, действительного члена Академии наук СССР, Председателя АН СССР, Президента Верховного Совета РСФСР, лауреата Ленинской и дважды Сталинской премии.

За свою историю Грозненский нефтяной институт подготовил более 50 тысяч специалистов для различных отраслей народного хозяйства страны. В числе выпускников института пять Героев социалистического труда, министры нефтяной промышленности и нефтеперерабатывающей промышленности СССР (В. С. Федоров и С. Н. Хаджиев), министры нефтяной промышленности (Н. А. Малышев и Л. Д. Чурилов), министр геологии РСФСР Д. Л. Федоров, начальник крупнейшего в СССР главка «ГлавТюменьнефтегаз» В. И. Муравленко, академики АН СССР и РАН М. Д. Миллионщиков, А. А. Дородницын, С. Н. Хаджиев, АН УССР В. А. Сельский, лауреаты Ленинской, Сталинской,

Государственных премий, премии Совета Министров СССР и т. д.

Республиканское общественное объединение «Ветераны нефтегазового комплекса» (РОО «ВНГК»), также поздравило профессорско-преподавательский состав ГГНТУ со столетним юбилеем и выразило благодарность за многолетнее и многостороннее сотрудничество в деле подготовки специалистов для нефтегазового комплекса Казахстана.

Необходимо отметить огромный вклад института в обеспечение кадрами нефтяников нефтепромыслов Гурьевской (ныне Атырауской) области Казахстана,



это были нефтяники из Чечено-Ингушской АССР которые были переселены в 1944 году в нашу республику.

Позднее, с открытием новых месторождений нефти и газа на полуострове Мангышлак, в Казахстане появилась потребность в подготовке инженеров-нефтяников.

Сотни молодых специалистов-нефтяников выпускников института приехали осваивать сокровища Мангышлака, среди них бывший Премьер-Министр РК Н.Балгимбаев, депутат Парламента РК А.Муратов, бывшие руководители предприятий и организаций А. Суесино, В.Сутягин, С. Арыстамбаев, К. Хайрушев, Т. Байзаков, М. Бабашева, специалисты-нефтяники В.Дорофеев, Л.Петров, С. Мишелов, М. Джунусалиев, Г. Джунусалиева, Б. Нургалиев и многие другие.

Выпускники института горячо и искренне желают дальнейших успехов в подготовке нефтяных кадров, выражают свою признательность Главе Чеченской Республики, Герою Российской Федерации,

Рамзану Ахматовичу Кадырову, за восстановление прекрасного здания Грозненского Государственного нефтяного технического университета.

На торжественном собрании в городе Грозный, посвященном юбилею присутствовал и считал приветственный адресат выпускникам и участникам торжественного юбилея от имени Республиканского общественного объединения ветеранов нефтегазового комплекса Республики Казахстан Депутат Мажилиса Парламента РК VI созыва, сопредседатель Ассоциации чеченцев и ингушей Казахстана «Вайнах», член Совета Ассамблеи народа Казахстана, ветеран-нефтяник, член РОО «ВНГК» Муратов Ахмет Сейдахманович.

Суесин А.К. – Руководитель Службы правового, кадрового обеспечения и закупок РОО «ВНГК», выпускник института



Старое здание института



Здание университета в наши дни

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Еңбек - ер дәулеті

КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫС - ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ



Өндіріс ошағы - Жетібай кен орнында өңір тарихында айтулы оқиға болып есептелетін ірі өндірістік нысандарының құрылысы аяқталып, пайдалануға беру қатардағы қарапайым жұмыскердің ерлік еңбегі арқасында жүзеге асатындығын көп адам ойлай бермейді. Ол бір мезеттік батырлықпен

өлшенбейтін, қандай қиыншылық болса да көтеріп, өз ісіне, парызына, еңбек міндеттеріне адалдығымен күнделікті тынымсыз көп жылғы еңбек етумен өлшенетін ерлік.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы Н.Назарбаев «Алыстағы ағайынға ақ тілек» деген айдармен тарихи

зобалаңдардың зардабынан төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды жер бетіндегі жалғыз ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды. Міне соның нәтижесінде әлемнің түпкір-түпкірінен елге бет алған бауырлармен бірге тарихи Отанына Асқар Әділханұлы Дыбысов та оралды. Өзбекстанның өндірісі дамыған Газлы қаласында тұрған әкесі ұлағатты ұстаз Әділхан Дыбысұлы жан-жарынан қанпияда көз жапып қалғаннан кейін он үш баланы лайықты азамат болып жетілуіне қолдан келген мүмкіндіктерді жасап, өзі жетілдірді. Еңбек еткеннің кенелмей қалмайтынның ұғындырып, олардың еңбексүйгіш, білімпаз болуына күш салды. Соның арқасында Асқар Бұхара қаласындағы Газ өнеркәсібі техникумын Автоматты және телемеханикалық құрылыстарды пайдалану мамандығы бойынша оқуын бітіріп, еңбекке арналады.

Манғыстауға келген жылы Жетібай құрылыс-құрастыру кызметіне тас қалаушы болып

жұмысқа қабылданды. Табылған жұмысқа белсене кірісіп, оқу комбинатындағы курстарға қатысып, жана мамандықты үздік игеріп алды, жылдан жылға біліктілігін арттырып, қайта оқудан өте жүріп, бүгінгі таңда 4-дәрежелі сыртқы құбыр монтажшысы болып еңбек етеді. Бұл кәсіптің наны жеңілдікпен келмейді. Сырт көзге қарапайым көрінгенмен, қазір монтажшы мамандығына қойылатын біліктілік талаптары жоғары. Асқар білім, төзім, ептілікті серік етіп, жұмсалған күш-жігердің жақсы нәтиже беруіне қарай ұмытылса жасайды.

Асқар қандай іс болса да қиынсымай, Жетібай кен орнында салынған ірі-ірі құрылыс нысандарында еңбек етіп, серіктестік табысына өз үлесін қосып келеді. Тапсырылған жұмысқа жауапкершілікпен қарайды, артық әңгімесі жоқ ол болат құбыр салу, құбыр қазу жұмыстарын да қадағалайды. Бір қарағанда зор көрінетін жерасты құбырларын жарып алмай аршу дәлдікті, ептілікті, аса сақтықты талап етеді. Құбырды қранмен көтеру, орын ауыстыру, түсіру

жұмыстарын шеберлікпен орындап, кен орнындағы жүріп жатқан өндірістік процестердің тоқтамауына ықпал етеді.

Кішіпейіл, бірақ мінезді, аршыл, абыройды бөрінен де биік қоятын азамат айтқызыбай істі тындырып, қандай істе болса да жуан ортада жүреді.

Өзінің адал еңбегімен өмірдің ашы-тушысын бірдей көтеріп, ел қатарлы шаңырақ көтеріп, отбасына қамқор әке атанып, жігіт ағасы болған Асқар шаңырақ Мәзия Тәңірқұлқызы екеуі Газиза, Үміт, Агерке, Меруерттей балаларын тәрбиелеп өсіріп, құтты орнына қондырды. Кішісі Үлмекен мектеп оқушысы.

Монтажшы Асқар Әділханұлы ұжымның бір мақсатқа жұмылдырылған күші, бірлігі - әр еңбек адамының күнделікті жұмысы босқа кетпей, үлкен жетістікке бастау болатындығын кепілді деп есептейді. Ал нағыз қуаныш пен бақыттың негізі - еңбек.

**А.Есбосын
«Oil Construction Company»
ЖШС**

Түсініктеме

COVID-19: ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ



Коронавирус, яғни COVID-19 індеті бүкіл әлемдік деңгейде денсаулық сақтау министрлігін қатты алаңдатып отыр. Осы індеттің 1-ші толқыны кезінде әлем бойынша бірнеше миллиондаған адамдар осы ауруға шалдығып, еңбекке жарамсыз болғандары, өлімге ұшырағандары, аз мөлшері жазылғандары бар екені мәлім.

Бұл індетке көпшіліктің аса көңіл аудармай, денсаулықтарына салғырт қарап, дер кезінде дәрігерге қаралмағандары кездесті. Ерекше айтатын мәселе - індеттің асқынған түрімен күресу, оны емдеу, сауықтыру мүмкіндігі өте төмен. Аурудың алдын алуға және бұл індет келген жағдайда қандай шараларды білу тиіспіз. Осы жөнінде баршаңызға арнап мәліметтер жариялауды дұрыс деп есептедік.

Алғашқы вирус белгілері инфекциядан кейінгі COVID-19 3-ші күн вирус жұқтырғаннан кейін пайда болады.

- 1-кезең: Денедегі шаншу

Көз шаншуы
Бас ауруы
Құсу
Іш өту
Мұрыннан су ағу, бітелуі
Көз қызару
Дәретке шығарда қышыну
Қызу белгілері
Тамақтың ауыруы.

- 2-кезең: Дәм және иіс жоғалуы
Аз күш жұмсау арқылы шаршу
Кеуде ауруы
Құрғақ жөтел
Бел, бүйрек ауырсынуы
Жүйке жүйелеріне әсер етуі.

- 3-кезең-емдеу

9-шы күні сауықтыру кезеңі, ол 14-ші күнге дейін созылуы мүмкін.

Өзінді және айналадағы адамдарды қорғаудың ең жақсы тәсілі – қолдың гигиенасы мен респираторлық гигиенаны қатаң түрде сақтау. Айналадағы адамдармен мүмкіндігінше кемінде 1 метр қашықтықты сақтау қажет. Жақын маңда жөтеліп немесе түйкіріп тұрған адам болған жағдайда бұл шараны сақтау өте маңызды болып табылады. Кейбір инфицирленген адамдарда ауру белгілері болмағандықтан немесе ауру жеңіл түрде өткендіктен, барлық адамдармен физикалық ара-қашықтықты сақтау - COVID-19 тараған аймақтарда болатын адамдарға ең дұрыс шешім болып есептеледі.

Өздігінен оқшаулануды COVID-19 клиникалық белгілері бар адамдардың айналадағы адамдарды, соның ішінде жақындарына жұқтырмау мақсатында өз еркімен қабылдағаны маңызды. Өздігінен оқшаулану кезінде COVID-19-дың жоғары дене қызуы, жөтел және басқа да белгілері бар адам үйінде қалады, жұмысқа, оқуға немесе қоғамдық орындарға бармайды. Бұл өз еркімен немесе дәрігердің ұсынысымен жасалады. Келесі іс-әрекеттер тәртібін ұстану қажет:

- Аурудың жеңіл түрі бар адамдар өздігінен оқшаулану керек (медициналық көмек көрсету керек емес)



- Жақсы желдетілген, кең, санитарлық торабы бар бір бөлмеде болу керек, қолды гигиеналық өңдеуге қажетті заттармен қамтамасыз етілуі тиіс.

- Адамдармен, тіпті отбасы мүшелерімен 1 метр арақашықтықты сақтаңыз.


Егер енгізу сияқты белгі пайда болса, онда міндетті түрде тез арада мүмкіндігінше телефон арқылы дәрігер көмегіне жүгіну қажет. Жақсы көңіл-күй мен сергектікті сақтауға тырысыңыз: жақын адамдарыңызбен телефон немесе интернет желісі арқылы байланыста болыңыз және үйде дене шынықтырумен айналысыңыз.

Өзінді карантин – COVID-19-ды жұқтырған адаммен қарым-қатынаста болған адамның клиникалық белгілер болмаса да оқшаулануы. Өзінді карантин барысында денсаулығыңыздың жағдайы мен клиникалық белгілерді өз бетінше бақылауыңыз қажет. Карантин COVID-19-ды жұқтырғандармен қарым-қатынаста болуы мүмкін, бірақ ешқандай клиникалық белгілері жоқ адамдарды физикалық оқшаулау немесе қызметін шектеу дегенді білдіреді. Оқшаулану ауру таралуының алдын алу мақсатында COVID-19-дың клиникалық белгілері бар науқастардың қарым-қатынасын шектеу. COVID-19-ды жұқтырған уақыттан бастап, клиникалық белгілердің пайда болуы арасындағы кезеңнің ұзақтығы 5-6 күн, бірақ 1 күннен 14 күнге дейінгі аралықта болуы ықтимал. Тұрмыстық дезинфекциялаушы заттармен көптеген бұйымдардың бетін өңдегенде вирус толығымен жойылатыны туралы біз білуіміз керек. Зерттеу мәліметтері бойынша COVID-19 вирусы пластмасса мен төрт баспайтын болат бетінде 72 сағат, мыста 4 сағаттан кем және картон бетінде 24 сағаттан кем тіршілік етеді. Дүкенде айналыңыздағы адамдармен 1 метр ара-қашықтықты сақтаңыз және қолыңызбен көзінді, ауыз және мұрныңызды ұстаманыз. Мүмкіндігінше азық-түлік себетінің немесе арбаның тұтқасын қолданар

алдында антисептиктен өңдеңіз. Дүкеннен келген соң және азық-түліктерді сұрыптаған соң қолыңызды мұқият жуыңыз.

Қазіргі таңда COVID-19-ды азық-түліктер немесе олардың қаптамасы арқылы жұқтыру жағдайлары тіркелмеген. COVID-19-ды азық-түліктер немесе олардың қаптамасы арқылы жұқтыру туралы ешқандай дәлел жоқ.

COVID-19 респираторлық ауру және оның таралу жолы адамнан адамға, инфицирленген адам түшкірген немесе жөтелген кезде бөлінетін тамшылармен тікелей қатынас арқылы жүзеге асады. Коронавирустар тағамдарда көбінесе алмайды. Олардың көбеюі үшін тірі жануар немесе адам қажет. Жемістер мен көкөністерді ағынды сумен жуу жеткілікті. Азық-түліктердің қаптамасына қажетті материалдарды дезинфекциялау қажет емес, бірақ қаптамаларды ұстаған соң және тамақтану алдында қолды тиісінше жуу міндетті. Күнделікті тұрмыстық жуу және



Қарапайым тәжірибеге сүйенсек, күз айларында вирустың өршітін әлеті бар. Сақтанудың барлықшараларын қолға алуға тиіспіз. Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, індеттің 2-ші толқыны желтоқсанда басталуы мүмкін.

Мамандар күзден бастап тұмау сынды маусымдық жұқпалы аурулардың өршітінін ескеріп, қауіптің еселенетінін болжайды. Бұл кезеңде COVID-19 және респираторлық вирустық инфекциялардың ара-жігін ажырату қиына соғады. Егер екі түрлі сырқат қатар келсе, адамның денсаулығына айтарлықтай қауіпті. Ауруды асқындырып алмау үшін ақпараттық жұмыс жүргізіп, халыққа түсіндіру қажет. Адамдар міндетті түрде дәрігерге көрінуі тиіс, оның қандай инфекция жұқтырғанын тек медицина маманы ғана анықтай алады. Ауыр сырқаттарды ауруханада, жеңіл түрлерін үйде емдеген жеткілікті. Созылмалы сырқаттары бар адамдардың жағдайын жіті бақылауда ұстау қажет. Ғалымдар клиникалық сынақтардың барлығын жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр, яғни індетке қарсы екі екі рет егілу ұсынылады. Қазақстандық екі тек келер жылы дайын болуы мүмкін.

Бұл індет кімдерге қауіпті? Адамдарда қан қысымы, қант диабеті, жүрек қан тамырлары, бүйрек, жүйке жүйелері, артық салмақ, буын аурулары, өкіе және тыныс жолдары, жалпы созылмалы сырқаттары бар болса, жасы ұлғайғандардың бұл індетпен күресу қабілеттері төмен екендігін мықты ескеруге тиіспіз. Ауру белгілері білінген жағдайда емханаға тіке жүгірмей үйде отырып, дереу дәрігерден телефон арқылы кеңес алғаныңыз өте маңызды. Ауыра қалған жағдайда тез емделіп сауығу үшін сізге тек дәрігер ғана көмек ете алады. Сақтану шаралары бүкіл ақпарат құралдары арқылы беріліп жатыр. Жас балаларды, жаңуа мүшелерін, тустыларыңызды, айналыңыздағы барша жандарды денсаулықты қорғай білу үшін тиісті медициналық шараларды сақтауға шақырамыз!

Қорытындылай келе, COVID-19 екінің толығынан сақтану үшін барлық тиісті гигиеналық және эпидемиологиялық ережелерді қатаң сақтауға міндеттіміз. Денсаулықтарыңыз мықты болсын, ауырмаңыздар!!!

Г. Отарғұлова,
«MEDTERRA» ЖШС
терапевт-дәрігер

COVID-19 ЖҰҚТЫРУ
ҚАУІП ТӨМЕНДЕТУ ІШІН
БЕС АЛПІН ЕРЕКЕ

- 1 Қолды жиі жуу
- 2 Маска кию
- 3 Қашықтықты сақтау
- 4 Қол-алыспау, құшақтаспау, сүйіспеу
- 5 Қоғамдық орындарға бармау

Дереккөзі: ДДСҰ [ecoronavirus2020.kz](https://www.ecoronavirus2020.kz)

ПЯТЬ ЗОЛОТЫХ ПРАВИЛ
ДЛЯ СНИЖЕНИЯ РИСКА
ЗАРАЖЕНИЯ COVID-19

- 1 Частое мытье рук
- 2 Надевать маску
- 3 Соблюдение дистанции
- 4 Избегать общественных мест
- 5 Не пожимайте руки, не обнимайте, не целуйте

Источники: ВОЗ [ecoronavirus2020.kz](https://www.ecoronavirus2020.kz)

Спорт

CASPIAN MARATHON



Қазан айының төртінші жұлдызында алғаш рет ұйымдастырылған онлайн жүгіру марафоны осылай аталды. Жарыс жолы жиырма бір шақырым жерді құрайтын спорттық шараға 400-ге жуық қазақстандық қатысты. Олардың қатарында «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкерлері де болды.

«Бір жарым жыл болды жүгіріп жүргеніме. Алғашқыда еш қызығушылық болмап еді, қазір жүгіруден алдыма жан салмаймын. Өзімді жақсы сезініп күш-қуат аламын. Белгілі бір қашықтықты бағындыруды мақсат етіп қойып, сол мақсатқа жеткен кездегі әсерді жеткізу мүмкін емес», - дейді адам ресурстарын басқару департаменті қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімінің бастығы Бекеш Қыдыров.

1 сағат 55 минутта 21 км қашықтықты бағындырған әріптесіміздің бұл кезекті жұлдесі. 2019 жылы Алматы қаласында төрт мыңнан астам адам қатысқан марафонда осы қашықтықты 1:45 минутта бағындарған Бекеш «адамзатты салауатты өмір салтын

ұстануға шақыратын мұндай шара мұнайшылардың арасында да ұйымдастырылса екен» дейді.

«OZINE SEN» қоғамдық қоры ұйымдастырған марафон алғаш рет осы жылдың қаңтарында «Аяз аталар жарысымен» бастау алған болатын. Спортшылармен қатар, қала белсенділері қатысқан жарысқа қызығушылық танытып алғаш қатысқандар да болған. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнінде нәзік жандылар арасында өткен марафон талай жарысқа тұсау болған әлемдік пандемия салдарынан қазан айында олайын өтті. Манғыстаулықтар арасында бұқаралық спортты дамытуға ден қойған ұйымдастырушылар аталмыш марафон әлі де жалғасатынын айтты.

Марафон нәтижесі бойынша жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан естелік медальмен марапатталды.

Көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы әсер алған жүгірушілер мұндай шараларды дәстүрлі түрде өткізу идеясына қолдау көрсетіп, келесі марафонда үлкен командамен тағы да кездесетін болып тарады.

Қайырымдылық

КӨҢІЛ КӨҢІЛДЕН СУ ІШЕДІ

Қай кезде де азаматтық қоғамның ең асыл қасиеттерінің бірі – бір біріне деген қамқорлығы мен жанашырлығы болды. Ал біздің заманымызда, өкінішке орай сіз бен біздің қамқорлығымызға мұқтаж жандар мен отбасылар көбейіп отыр. Бірі дертіне шипа таппай шырылдаса, енді бірі басына пана таппай тентіреуде. Тағдыр! Жазмыштан озымш жок деуші ма еді? Алайда, тағдырының сынағына ұшырап, тар жол тайғақ кешкен замандастарымызға демеу болу өзіміздің еркіміздегі дүние.

Осыдан үш жылдай уақыт бұрын Компаниямыздың жанынан «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының іргесі қаланған болатын. Бұл осы жолда бір арнаға тоғысқан жомарт жүрек жандардың жан-жағымға қамқор болсам деген игі ниетінен туған амал еді. Құдай жолында қайырымдылық жасамаққа құрылған Қор осы бір қысқа уақыттың ішінде ондаған азаматтың мұңын бөлісіп, жүгін көтерісті. Әсіресе, әріптестерімізге дер кезінде демеу болып келеді.

Мәселен, Қор салымшыларының тамыз айындағы жарналары есебінен жиналған 250 000 теңге көлеміндегі қаражат «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қызметкері, ТСДБ машинисі Ж.О.Тәжімановтың өтініші бойынша, Нұр-Сұлтан қаласында қоспарланған күрделі ота жасатуға демеу ретінде жұмсалды.

Қыркүйек айының есебінен жиналған қаражат жүз мың теңгеден екіге бөлініп, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ экология уәкесінің қызметкері А.Аманқұловтың өтініші бойынша қатерлі ісік ауруына шалдыққан анасының еміне қажетті дәрі-дәрмек алуға және осы бөлімнің тағы бір қызметкері А.Жұматаевтың өтініші бойынша оның 1962 жылы туған ағасы, мүгедек азамат, Т.Жұматаевтың жүрегіне жасалған отадан кейінгі емдік шараларын ұйымдастыруға көмек ретінде берілді.

Міне, қадірлі әріптестер! Сіз жолдаған қарлығаш көмек жаныңызда жүрген әріптесіңіздің мүддесіне жұмсалды. Сіз



бергеніңізді білгеніңізбен, ол көмектің кімінен келгенін білмейді. Нағыз қайырлы амал, шынайы садақа. Жаратқанның өзі садақаны сауында бер, оң қолың бергенді сол қолың білмесін демеу ме? Ендеше сіз жасаған осы бір қайырлы амал алуыңа жетпес бұрын Жаратқанның назарына көтеріліп, тағдырыңызға жазылған жетпіс түрлі бөленің бетін қайтарып жатқаның да естен шығармаңыз. Одан қала берді, қолда бар азаматты дәулетіңізді жақыныңызбен бөлісіп, Алла жолына жұм-сау Сізге Алланы бұйрығымен берілген нығметтерді кемітпейтінін де ескерерсіз.

Қадірлі замандастар, құрметті мұнайшы әріптестер! Баршаныңыз осы бір Қордың төңірегін жиналып, қайырлы амалдардың ұйытқысы болуға шақырамыз. Қордың бір айлық қайырымдылық жарнасы 1000 (бір мың) теңгені ғана құрайды. Тиісті өтінішті толтырып, жарнаны аударуға рұқсат берсеңіз, жалақыңыздан автоматты түрде ұсталып, Қор есебі-шотына аударылып отыратын болады. Көп түкірсе көл болады демеуші, біріге жүріп біраз шаруа тындыруға болатынын көріп отырсыздар. Ендеше, Қорға салымшы болыңыздар! Байланыс нөміріміз 8 707 703 4444.

Г.Г.Әбдісәліқы,
«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры

Мәдениет

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨСІНДЕ

Әлемді әбігерге түсірген қауырт уақытта мұнашы өнерпаздардан жағымды жаңалық жетті! Осыдан жеті жыл бұрын құрылған «Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблі «Туған жер» әніне бейнебаян түсіріп, өнер сүйер қауымға ұсынылғаны отыр. Әннің авторы – әріптесіміз, белгілі әуесқой композитор, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Алтынбек Сарғожаев. Сөзін жазған бұрыннан осы өнер тобымен шығармашылық ынтымақтастықта жұмыс жасап келе жатқан, ақын Дайрабай Үсіпбаев. Көптеген әндердің жарық көруіне себепші болған ақынның шығармашылық қоржынында көпшілік көрерменге танымал «Мұнайшылар» әні де бар. «Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблінің репертуарындағы бұл ән «қара алтын» өндірушілердің гимініне айналды десе де болады.



«Біз әр тыңдаушының жанын тебіренетін ән іздедік. «Туған жер» әні – сол талапқа сай композиция. Әріне, клипті түсірер кезде бірнеше идея болды. Дегенмен өр өлкеміздің өз бейнесін, өз келбетін көрсететін нұсқа ұнады. Нәтижесінде өте әсерлі және әдемі туынды шықты, - дейді Алтынбек Сарғожаев. Бейнебаян манғаз мекен Манғыстаудың таңғайыптары - Айрақты, Шерқала, Қаракия ойпаты сынды сұлу жерлерінде түсірілді. Мұнда атакүлдікке кіндігі байланған жандардың туған жеріне деген сүйіспеншілігі туралы айтылады.

Әуеннің студиялық нұсқасы Алматы қаласындағы мықты студияда әрленді» - деп қуанышпен бөлісті әріптесіміз.

Қаламқастықтардың жаңа туындысына сәттілік тілеп, ән қанатында қалықтап, өнерлерің үстем болсын дейміз!

Лаура Жолдыбаева



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева
Г.Әбдісәліқы,
А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., №1 үй,
тел:
212-035, 215-266
212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«ATIS» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500